

«Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 335-337.

ҚҰНДЫЗ СОЙЫС ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ, САПАСЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

*Жұматай М.Б., магистрант
Жумагелдиев А.А. в.э.к., профессор
Малдыбаева А.А., аға оқытушы
Тұрдық Е., аға оқытушы*

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада кәсіби ауланатын терісі бағалы құндыз сойыс өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін сараптау барысы келтірілген. Бағалы терісі үшін кәсіби ауланатын құндыз ұшасы мен мүшелерін экзотикалық тағам ретінде аңшылар мен жергілікті халықтар пайдалануда. Дегенмен, ветеринарлық санитарлық сараптама жүргізу барысында кәсіби ауланатын құндыз сойыс өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі тексеру жұмыстарын жүргізу өзекті мәселе болып табылуда [1].

Табиғи жағдайда 15-17 жылдай тіршілік ететін құндыздың ұзындығы 1-1,3 метрге дейін болса, иығының деңгейі 35,5 см, салмағы 25-30 кг жетеді. Құйрығының ұзындығы 30 см дейін, ені 10-13 см төңірегінде. Артқы аяқтары алдыңғысынан жақсы дамыған.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Құндыз сойыс өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін анықтау мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Өнім сапасы, қауіпсіздігі және ветеринариялық санитариялық сараптама» зертханасында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Салыстырмалы түрде сойыс жануары болып табылатын қоян ұшасы алынды. Сезімдік зерттеулер, бактериологиялық талдау және физикалық, химиялық көрсеткіштерін анықтау үшін құндыз ұшасынан сынамалар алынып, тексерілді. Тексеру барысында ет ылғалдылығы, май мөлшері, нәруыз, күл және қуаттылығы анықталды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Құнды терісі үшін ауланатын құндыз сойыс өнімдеріне таңсық тағам ретінде сұраныс жоғарылауда. Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін ауланған құндыз ұшасының түсі қою қызыл, өкпесі болбыр, ашық-қызыл түсті, кесіп қарағанда табиғилығы сақталынған, қырлары жоғалмаған. Миокард ашық қоңыр түсті, жүрек қуысында аздаған қан ұйындысы кездесті. Қоңыр қызыл түсті бауыры тығыз, қалыпты жағдайдан ауытқымаған. Көк бауыры тығыз, көкшіл сұр түсті. Терінің шел майы жоқ, ішектері бос. Еті нығыз, серпімді, саусақпен басқанда пайда болған ойық біршама уақыт барысында орнына келді. Кеуде бұлшықеті

жақсы дамыған, ет талшықтары арасы майға толы, серпімді және өзіндік иісі бар [2].

Сойыс өнімдерінің құнарлылығын, сапасын, қортылуы және сіңімділігін анықтау үшін химиялық құрамын анықтау маңызды. Сол себепті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін әкелінген құндыз етінің химиялық құрамы анықталды.

Нәруыз ағзаға химиялық және органикалық заттарды жеткізу, сақтау және қуаттылығын арттыру қызметін атқаратындықтан, ғылыми-зерттеу жұмысы барысында оның мөлшері Кьелдаль тәсілі арқылы анықталды. Жүргізілген тәжірибе нәтижесі бойынша құндыз ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы нәруыз мөлшері 24,1г/100г екені анықталды. Ал, салыстырмалы түрде алынған үй қояның ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы нәруыз мөлшері 21,1 г/100г болды. Нәтижесінде, құндыз ұшасының құрамындағы нәруыз үй қояны ұшасының құрамындағы нәруыз мөлшерінен 3 г/100г артық болып шықты (1 кесте).

Соклет тәсілі арқылы анықталған май етке хош иіс пен дәм беріп, бұлшықетті түрлі зақымданудардан қорғап, оның сыртқы ортаға бейімділігін арттырады [3,4]. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында құндыз ұшасының алынған сынамалар құрамындағы май мөлшері 6,5 г/100г болса, салыстырмалы түрде сойыс жануары ретінде алынған үй қоянынан алынған сынамалардағы май мөлшері 8,5 г/100 г есептелінді. Құндыз етінің құрамындағы май мөлшері үй қоянының құрамындағы мөлшерден 2 г/100г кем болып шықты.

1-кесте. Құндыз ұшасы мен үй қояны ұшасынан алынған сынамалардың химиялық құрамы, г/100г есебімен (n=3)

Көрсеткіштер	Нәруыз	Май	Ылғал	Күл	Энергетикалық қуаттылығы ккал/100г
Кәсіби ауланатын құндыз	24,1	6,5	68,2	1,2	154,9
Үй қояны	21,1	8,5	69,2	1,1	161,8

Ет сапасына, қауіпсіздігіне әсер ететін ылғал мөлшерін кептіргіш шкафта анықтау барысында белгілі болғандай, кәсіби ауланған құндыз ұшасынан алынған сынама құрамындағы ылғал мөлшері 68,2 г/100г болса, салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасының құрамындағы ылғал мөлшері 69,2г/100г болған. Айырмашылық 1,0 г/100г.

Муфель пешінде анықталған, құндыз сойыс өнімдері құрамындағы минералды органикалық заттар мөлшері 1,2 г/100г болса, сойыс жануары үй қоянан алынған сынамалардан күл мөлшері 1,1 грамм болғандығын 1–кестеден байқадық. Яғни, құндыздан алынған сынамалар құрамындағы күл

мөлшері үй қояны сойыс өнімдерінен алынған күл мөлшерінен 0,1 г/100г төмен болды.

Тексеру барысында анықталғандай, құндыз ұшасынан алынған 100г еттің энергетикалық қуаттылығы 154,9 ккал/100г болса, салыстыру үшін әкелінген үй қояны құрамындағы бұл мөлшер 161,8 ккал/100г көрсетті. Ол, құндыз сойыс өнімдері, үй қояны сойыс өнімдерімен салыстырғанда энергетикалық қуаттылығы 6,9 ккал/100 г төмен екендігін анықтадық.

Қорытынды. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында құндыз сойыс өнімдерінің құнарлылығы жоғары, сапалы тағамдық өнім болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қырықбайұлы С, Телеуғали Т. Ветеринариялық санитариялық сараптау.– Алматы, ҚазҰАУ, 2017. –Б.227-231.
2. Турабеков М.Р., Ромашев Қ.М., Оразалиев Д.М. Кекілік еті құрамындағы дәрумендер мен микро-макро элементтері [Текст] / Ізденістер, нәтижелер. -2018. -№ 1.– Б. 106-110.
3. Ромашев К.М., Сағындықов Қ.А., Алиханов Қ.Д. Құр етінің сапалық көрсеткіштері [Текст] / ХАБАРИШЫ. -2017. -№2. – Б. 9-12.
4. Przemysław Sobiech, The influence of different concentrations of feed additive, based on shell rock and bentonite, on the growth, blood and meat parameters of the African black ostrich (*Struthiocamelus*) in south-east [Text] / Akylbek Zhumageldiyev, Gulmira Zhanabekova, Altay Ussenbayev, Khusainov Denys, Dominika Wysocka, Anna Snarska Marko Samardžija // Kazakhstan. VETERINARSKI ARHIV // Croatia, -2018. Vol.7 88 (3). - P. 413-425.
5. Janabekova G.K, Akylbek Zhumageldiyev, Khussainov D.M., Przemyslaw Sobiech. Effect of Supplement Feed on the Composition of the Black Ostrich's Eggs [Text] / Journal of Pharmaceutical Sciences and Research // India. - 2018. Vol. 10(4). - P.929-932.